

Қазақстан республикасының ер азаматтарын 2013 жылдың қаңтарынан наурызына дейін Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында тіркеуді және медициналық куәландыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 40 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 24 желтоқсанда N 2026 тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімінің 2013 жылғы 12 қазандағы N 02-05-1.4-12/898 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімінің 12.10.2013 N 02-05-1.4-12/898 хаты)

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16-бабына, «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 27 маусымындағы № 859 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасының тіркелу жылы он жеті жасқа толатын ер азаматтарды «Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2013 жылдың қаңтарынан наурызына дейін тіркеу және медициналық куәландыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Е.Қ. Багеновқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

В. Балахонцев

КЕЛІСІЛДІ

*«Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі» мемлекеттік*

мекемесінің бастығы

Қ.О. Ысқақов

2012 жылдың 21 желтоқсаны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК